| Қаралды: | Келісемін: | Бекітемін: |
|---|---|---|
| Жаратылыстану-математика мұғалімдерінің ӘБ отырысында | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары | «Ақмола облысы білім Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының мектеп-лицей»КММ |
| ________Джуманазарова Т.Б | ________ Болат А. | директорының м.а________ Серік Н. |
| №______ хаттамасы | «02»___09_____2024 ж. | «02»___09_____2024 ж. |
| «02»___09_____2024 ж. | | |

# « Жас ғалым»

## үйірмесінің жоспары

**Сынып:** 6 «А»

**Үйірме жетекшісі:** Оразбаева А.К.

2024-2025 жыл

## Түсінік хат

**Үйірменің мақсаты:**

Табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету . Әр оқушыға экологиялық білімді қалыптастыра отырып, денсаулықты қорғауға, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарын үйрете отырып, табиғат байлықтарын ұтымды пайдаланып, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.

Оқушыларды зерттеу іс-әрекетіне жұмылдыру және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; шығармашылық ізденісі және зерттеу жұмыстарын орындау үрдісі кезінде оқушылардың аналитикалық және сын тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру; кәсіптік бағдарлауда көмек көрсету; оқушылардың іс-әрекет барысында мақсат қоя білуді және жүйелікті дамыту; қойылған мақсатқа жету арқылы және қол жеткен нәтижелердің басылуына орай оқушылардын өз орындарын таба білуі.

**Үйірменің міндеті:** Сабақта экологиялық проблемаларды көтере отырып, ойлау қабілеттерін дамыту. Экологиялық заңдылықтарды меңгеру. Дағарыстан шығу жолдарын табуға дағдыландыру. Ізденушілік, зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру. Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеті мен таным белсенділігін дамыту, оқушыларды ғылыми ізденістегі әдіспен және амалмен таныстыру, ғылыми әдебиетпен жұмыс жасауды, іріктеуді, сараптауды, ақпаратты жүйелеуді үйрету, зерттеу барысындағы мәселелерді анықтап және тұжырымдау, ғылыми жұмысты сауатты ресімдеу, оқушылардың кәсіби тұрғыдан өздігінен таңдау жасауға жәрдемдесу

Экологиялық білім беру саласында ҚР «Ата заңы» 2050 стратегиясында және Ел басы Н.Ә.Назарбаевтың «Жасыл ел» атты бағдарламасына сүйене отырып, экологиялық құқық мәселелеріне қалыптасқан аймақтар тобы, радиациялық жағдаяттар, табиғат байлықтарын тиімі игеру, тіршілік иелерінің экологиясын қорғауға баулуды жас ұрпақ бойына дарытуды қалыптастыру. Бұл курсқа берілгені 34 сағат, аптасына 1 рет өтеді. Сабақты түрлендіре отырып, дәріс, ойын, жарыс, топтық, саяхат, интерактивті оқыту және табиғатты қорғауға бағытталған түрлі жобалар құрастыру әдістері қолданылады. Көрнекіліктерден кестелер, сызбанұсқалар, үлестірмелер, сөзжұмбақтар, интернет желісі, интерактивті тақта, бүктемелер, видео роликтер, кеппешөптер, үлғайтқыш құрал, фотоаппарат қолданылады. Оқушылар шығармашылық жұмыстар жасай отырып, өз беттерінше табиғатты бақылап, ғылыми жоба жасап, жарыстарға, экофорумдарға қатысып, рефераттар жазады, апталыққа қатысып, оқу жетістіктерін бағалайды. Тәрбиелеудің барлық саласымен байланыстыра отырып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге баулиды.

Оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен оны қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру қажет. Яғни оқушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ол мектепте оқып жүргенде-ақ қоғам мүшесі екенін сезініп, өз бетінше шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге, әдебиеттермен жұмыс істей білуге, баяндама жасауға, талдауға қатысуға, басқаларды тыңдауға үйренуі қажет. Мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылыми жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Оған қол жеткізетін тиімді жұмыс түрінің бірі - «Жас ғалым » үйірмесі.

## « Жас ғалым» факультатив курсының күнтізбелік жоспары

| № | Сабақ тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі | Ескер тулер |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Экология ғылымының қалыптасуы | 1 | 02.09.2024 | |
| 2 | Өсімдіктер мен жанурларды қорғау | 1 | 09.09.2024 | |
| 3 | Қызыл кітап және оның ролі | 1 | 16.09.2024 | |
| 4 | Тірі ағзалардың тіршілік ету ортасы | 1 | 23.09.2024 | |
| 5 | Биосфера-тіршілік қабаты | 1 | 30.09.2024 | |
| 6 | Табиғат корларын тиімді пайдалану | 1 | 07.10.2024 | |
| 7 | Бөлме өсімдіктерін күту | 1 | 14.10.2024 | |
| 8 | Биосферадағы айналымдар | 1 | 21.10.2024 | |
| 9 | Мектеп үлескісіндегі күзгі жұмыстар | 1 | 04.11.2024 | |
| 10 | Өсімдік жасушасының құрылысы | 1 | 11.11.2024 | |
| 11 | Қала экологиясы | 1 | 18.11.2024 | |
| 12 | Экологиялық апаттар | 1 | 25.11.2024 | |
| 13 | Атмосфера экологиясы | 2 | 02.12.2024 | |
| 14 | Гидросфера экологиясы | 1 | 09.12.2024 | |
| 15 -16 | Жер қыртысының экологиясы. Адам экологиясы | 1<br>1 | 16.12.2024<br>23.12.2024 | |
| 17 | Жануарлар экологиясы | 1 | 13.01.2025 | |
| 18 | Өсімдік экологиясы | 1 | 20.01.2025 | |
| 19 | «Табиғатты аялайық» экологиялық кеш | 1 | 27.01.2025 | |
| 20 | Қазақстан полигондары | 1 | 03.02.2025 | |
| 21 | Қорғалатын аумақтар.Қорықтар | 1 | 10.02.2025 | |
| 22 | Табиғи саябақтар | 1 | 17.02.2025 | |
| 23 | Табиғат ескерткіштері | 1 | 24.02.2025 | |
| 24 | Абай-эколог | 1 | 03.03.2025 | |
| 25 | Адам іс-әрекетінің экологияға әсері | 1 | 10.03.2025 | |
| 26 | Көгалдандыру | 1 | 17.03.2025 | |
| 27 | Жемістер | 1 | 07.04.2025 | |
| 28 | Тұқымның өнуіне сыртқы ортаның әсері | 1 | 14.04.2025 | |
| 29 | Қызықты экология | 1 | 21.04.2025 | |
| 30 | Жапырақтар | 1 | 28.04.2025 | |
| 31 | Тамыр жүйесі және түрлері | 1 | 05.05.2025 | |
| 32 | Сабақ түрлері | 1 | 12.05.2025 | |
| 33 | Кәсіптік маңызы бар омыртқалылар | 1 | 19.05.2025 | |
| 34 | Топ серуен | | | |